



Облыстық ғылыми-танымдық конференция

**Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана**

**Қалжан ахун Бөлекбайұлышың  
150 жылдық мерейтойына арналған  
облыстық ғылыми-танымдық конференция  
материалдары**

Қызылорда 2012

Редакция алқасы:

Ақмырзаев А.  
Аңсатова М.Н.  
Ахметбек Б.М.  
Әбенұлы Х.  
Әбілтай F.M. – төрага, аудан әкімі  
Әжікенов Е.  
Бактиярова А.  
Баймаханов Қ.М. – ҚР Парламенті Сенатының депутаты  
Дүйсенбаев Б.  
Жанаев А.  
Жұнісова Ж.  
Кәрібозұлы Б. - бас редактор, филология ғылымдарының докторы,  
профессор  
Құдайбергенов Қ.  
Маханбет Ж.  
Мұхamedов М.Б. - ҚР Парламенті Сенатының депутаты  
Мыңжасов Н.К.  
Омаров К.  
Отызбаев С.  
Өксікбаева М.Ә.  
Сәдуақасұлы Ж.  
Сейсенов Б.  
Тұяқбаев F.

**Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана**

**Қалжан ахун Болекбайұлының 150 жылдық мерейтойына  
арналған облыстық ғылыми-танымдық конференция  
материалдары**

Ғылыми басылым

УДК 2  
ББК 86.2  
С 95

ISBN 978-601-7126-55-1

### «Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-санасы»

**С 95** Қалжан ахун Бөлекбайұлының 150 жылдық мерейтойына арналған облыстық ғылыми-танымдық конференция материалдары (2012 жылғы қазан). - Алматы: "Інжу-Маржан", 2012. - 404 бет + 48 түрлі түсті бет.

#### Редакция алқасы:

Бас редактор – Б.Көрібозұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Редакция алқасы - Ақмұраев А., Аңсатова М. Н., Ахметбек Б. М., Әбенұлы Х., Әбліттай Ф.М. – төраға, аудан әкімі, Әжікенов Е., Бақтиярова А., Баймаханов Қ.М. – ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Дүйсенбаев Б., Жанаев А., Жұнісова Ж., Көрібозұлы Б. – бас редактор, филология ғылымдарының докторы, профессор, Құдайбергенов Қ., Маханбет Ж., Мұхамедов М.Б. – ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Мыңжасов Н.К., Омаров Қ., Отызбаев С. Өксікбаева М.Ә., Сәдуақасұлы Ж., Сейсенов Б., Тұяқбаев Ф.

Жинаққа X-XX ғасырлардағы қазақ еліндегі діни-ағартушылық ой-сананы қалыптастырып, дамытудағы Сыр онірі рухани мектептерінің ролі мен діни қайраткерлер дәстүрі, халқымыздың саңлак перзенті Қалжан ахун Бөлекбайұлының өмір жолы мен ағартушылық қызметінің сан-саналы қырлары туралы ғылыми және танымдық материалдар топтастырылған.

УДК 2  
ББК 86.2

ISBN 978-601-7126-55-1

© Б.Көрібозұлы  
© "Інжу-Маржан" полиграфия фирмасы, 2012



«Галымның хаты өлмейді»...

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Сыр – Алаштың анасы» деген есін қанатты қагидаға айналдырган біз, мүмкін болғанынша, тарихи тұлға-ларымыздың өмірі мен елге атқарған қызметтерін сарапал, талдап-таразылап бүтінгі және келер ұрпактың көзін әділліт, ақиқат, шынайы тарихка жеткізуге, ата-бабамыздың өткен өмірінің күнгей және көлеңкелі тұстарын қатағайтында отырып, жастарымыздың бойынан отансуйғыштік, ұлтжандылық касиеттерді коруте тырысып-ақ келеміз.

Міне, осы тұрғыдан келсек, Сырдария ауданының 2012 жылды Қалжан ахун жылы деп атап, оның өміrbаяндық деректеріне, діни-ағартушылық, үстаздық қызметтеріне талдау жасап кітап шығаруы, ғылыми-танымдық конференция өткізу – ете құттарлық жағдай. Бұл кітапта Қалжан ахунның араб, парсы, көне шағатай тілдеріндегі қолжазбалары тұнғыш рет казак тіліне аударылып берілген, діни-ағартушы ғұламаның үстаздық жолында пайдаланған кітаптарына түсніктер жасалған. Кітаптағы Қалжан ахун үстанған діни, үстаздық бағыт-бағдар, жол-жобаға қазіргі дінттану (тео-логия) тұрғысынан теолог, философ ғалымдарымыздың баға беруі мен ой-пікірлерін айтуының қоғамымыздың бүтін мен ертеңі үшін, әсіресе жастарды имандылыққа, ұлтжандылыққа, дұрыс діни бағыт үстануға бағыттау мен тәрбиелеудегі маңызы ерекше деп ойлаймын.

Бұл кітап, орине, Қалжантану ілімінің басталғанының алғашқы дәлелі. Алдағы уақытта Сыр елінде дүниеге келіп, елге қызмет жасаған ишандар мен ахундардың өмірі мен діни-ағартушылық қызметін зерттеп-зертделейтін енбектердің көбейе берестініне талас жок.

Қалжан ахунның 150 жылдығына арналып өткізілген ғылыми-танымдық конференцияның материалдары мен ғұлама ойшыл, діни ағартушы бабамыздың өміrbаяндық деректері жинақталған бұл кітапқа орел еріс, ойлы оқырмандарымен тезірек қауышуды тілеймін.

Күрметпен,  
Қазақстан Республикасы Парламенті<sup>А. Б. Баймаханов</sup>  
Сенатының депутаты

К. Баймаханов

колжазбаларға қарағанда, жазу үлгісі де ерекше. Алайда, бұл хат Сыр бойындағы көзі ашық, көкргі ояу жандардың тек казақ даласындағы саяси оқиғалардан ғана емес, жалпы әлемде болып жатқан саяси үдерістерден де хабары болғанын және ол оқиғаларға өздері тараптынан баға беретін дәрежеде болғанын көрсетеді. Мысалы, ауыл-елдің амандығын сұраган сон, өздерінің Меккеге қалай, кашан жеткенін, қай жерге тоқтаганын баяндаганнан кейін Османлы халифатының Балқан тубегіндегі соғысы және ол соғысқа қандай мемлекеттердің тартылғаны, бұл соғыстың болашақ нәтижесі қалай болу ықтималдығы туралы жасаган сараптамасы сол кезеңдегі қазақ оқығандарының саяси санасы ояу болғандығын көрсетеді.

Корыта айтқанда, Сыр бойы ахундарының қазақ халқының рухани, мәдени болмысын, Ресей отаршылдығы жағдайында, коргауга бағытталған әрекеттері жемісті болғанын, солардың жанкиярлық еңбегі арқасында қазақ халқының рухани дүниесі қорғалып қана қоймай, оны одан ары дамып, байи түскенін көреміз. Осы рухани жетекшілердің ықпалының арқасында Сыр сүлейлері деген атқа ие болған ақын жыраулар шоғыры шықты, олардың соңында өлшеусіз рухани мұра қалды. Бұл Сыр бойы ахундарының қазақ халқының руханийатынан алар орны жоғары болғанын білдірсе керек. Ол тұлғалардың арасында Қалжан ахунның да қомакты үлесі болғандығына дау жоқ.

### Әдебиеттер:

1. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. –Алматы: «Ел-шежіре», 2006.
2. Жолсайтова М., Рұстемов С. XVIII ғасыр соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартастында татар дінбасыларының қазақтар арасындағы қызметті хакында /Түркология, №3, 2005. 104 б.
3. Тебегенов Т. Марал шаш баба немесе Казақстандагы Ислам агаартушыларының тарихи-мәдени негізі / «Ана тілі» газеті, 27.01. 2011.
4. Қалжанова Ш. Қалжан ахун. Алматы: «Сапат», 2002.
5. Қалжан ахунның түркиялық ұрпағы Хасан Ыылдырым тараптынан алынған қолжазбалары.
6. Қалжан ахунның М. Толегеновтен алынған қолжазба кошімелері.



**Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы**- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты. Араб, парсы, орыс, түрік және бірқатар түркі тілдерін (қышиқ, оғыз және қарлук диалектілері) изеген.

Зерттеу ақысы: Исламнан кейінгі түркі жазба жәдігерлері: Қарағандықтар, Алтын Орда, Мәмлүк қышақтары билігі түсында дүниеге келген әдеби қызығы мұралар.

2004 ж. ҚР Президенттің грантының;

2005-2006 жж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің

Талантты Жас ғалымдарға берілетін мемлекеттік стипендиясының изегері.

### ИСЛАМИ ӘДЕБІЕТ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ҚАЛЖАН АХУН ШЫҒАРМАШЫЛЫГЫ

Әр үлттың жазба мұралары мен әдебиет тарихы алыс ғасырлар қойнауына енген сайын, ол барынша құнды болып, барша адамзат баласының ортақ казынасына айналатыны белгілі. Осы түргыдан алғанда түркі халықтарының әдебиеті бірнеше ғасырлар үлесінде жатыр десек, артық айтқандық болmas.

Расында, түркілер откен тарихта ірі оқиғалардың күесі болып қана қоймастан, керек кезінде сондай ұлы өркениетті жасаушы да бола білді. Өзінің басынан откенін кейінгі ұрпакқа аныз-әпсана ретінде жеткізіп, одан бері де мәңгі өшпестей етіп тас-жартастарға ойып жазып отырды. Олар (түркілер) тарих саҳнасына көтерілгенде бері көрші жатқан Шығыстагы көне қытай, монгол мен Батыстагы бір кездері грек-рим мәдениетімен таласкан өркениеті бар парсы тілдес халықтармен қарым-қатынас орнатып, мәдени һәм әдеби байланыстар жасады. Сондай мәдени тогызуладың арқасында түркі даласында өшпестей болып тарих, ұмытылмай болып мәдениет пен әдебиет калды. Өзімен бірге Шығыска ұлы серпілісті алып келген Ислам дініне дейін-ақ, түркілер оздерінің бай мәдениеті мен әдебиетін, жазуын қалыптастырып үттерді. Орхон-Енесей, Талас бойынан табылған руна жазулы тас ескерткіштерінде Күлтегін, Тонықөк сияқты қолбасшылардың тарихи тұлғасы мен әдеби бейнесі сомдалды. Сол кездегі түркілік олең құрылыштары мен сөз саптауларын осы тарихи жәдігерлерден

аңгаруға болады. Сонымен бірге, Алып Ер Тона, Еділ, Шу патшаларға қатысты құрылған азыз-әпсаналар да сол замандардагы тарихи өмірді суреттеуге ариналды. Аталмыш тас ескерткіштерде түркі халықтарының көне тарихы мен әдебиетіне қатысты мол дүниелер жазылды. Ислам діні келісімен бұл бай мұралар Шығыстың асыл-жауһарларымен толысып, тағы бір саты жоғарыға көтерілді. Әдебиетке жаңа тақырып, сом образдар келді. Бұрынғы руна жазуын араб алфавиты ауыстырды. Фылым мен білім жаңа сатыға көтерілді.

Бірнеше ғасырлар үлесінде жатқан түркі халықтарының әдебиет тарихын галымдар негізінен екі топқа бөліп қарастырады. Исауиттанушы галымдардың бірі Ф.Көпрулұ өзінің “Түрк әдебиетінің тарихы” деген 1926 жылы Стамбулда басылған еңбегінде мынадай мәлімет көлтірілті: “Әдебиет тарихын ірі дәуірлерге бөліп қарастырап болсак, онда негізгі үш кезенге келіп тірелеріміз анық:

Исламнан алдыңғы түркі әдебиеті;

Ислам мәдениеті кезіндегі түркі әдебиеті;

Европа мәдениеті кезіндегі түркі әдебиеті”.

Галымның мұнда көлтірген деректері негізінен бүтінде Кіші Азияны мекендерген түркі халқының әдебиетіне қатысты болғанымен де, мұндағы алғашқы екі кезең біздің үлттық әдебиетімізді де қамтитыны анық. Түркілердің тарихын сарапаған италияндық галым А.Бомбачи да әдебиетті “Исламнан алдыңғы және исламның кейінгі кезең” дег екіге бөліп қарастырган. Бұдан екі галымның түркілік әдебиетті дәуірлеуі ете үксас екенін аңгарамыз. Сондай-ақ, суретші-галым М.Әуезов те: “Сол себепті өз бетімізben долбар жасасақ, қазақ елінің ішкі өмірі екі үлкен дәуірге болінеді. Бұның біреуі – іслам діні кірген соңғы мезгіл. Екіншісі, содан арғы ескі дәуір”, – дег жазуы біздің негізгі ойымызды айшықтай түседі. Галымдардың әдебиетті дәуірлеуде Исламмен байланыстырып қарауында үлкен мән бар. Себебі, соңғы дінді қабылдау арқылы түркі халықтары бұрынғы сенімін ғана ауыстырып қойған жоқ, сонымен катар, оздерінің болашақ мәдениеті мен әдебиетіне де жаңа өзгерістер алып келді. Ислам дінімен бірге түркілік әдебиетте жаңа бағыт, қуатты серпілік пайда болғаны белгілі.

Ислами әдебиеттің негізі араб, парсы жұртында қаланды. Жаңа сеніммен араб әдебиетінің өзгеріске ұшырағанын Жорж Зидан былай жазды: “Исламның пайда болуы діни, саяси және қоғамдық жағына қатты әсер етті. Бұл өзгерістер адамдардың санасынан орын алып, олардың гылымы мен әдебиетінде де корініс берді:

Ислам қате және жаман әдебиетті қолданыстан шығарды;

Жәнилиет әдебиетінде біртіндел тыныштық тақырыбы қозғала бастады;

Ислам дүние мен ақыретті қатар ойлайтын жаңа әдебиетті дүниеге алып келді”.

ҮІІІ—ІХ ғасырларда Ислам дінінің тараулу ауқымы кеңейіп, көрші жатқан өзге елдерде де, мұсылманшылық рәсімдері бой көрсетті. Осы сеніммен бірге келген араб, парсы мәдениеті Орта Азияны мекендерген халықтардың (яғни, түркілердің) салт-дәстүрлерімен сіңісп, болашақ мұсылман өркениетінің негізі қаланды. Шығыс мұсылман әлемінде гылым мен білім қатар дамыды. Әсіресе, қоғамда ғалымдардың беделі артып, олардың ыңғайлыш жасаулары үшін “Дәрүл улумдар” құрылды. Ел билеушілердің қасынан құрылған мұндағы білім ордаларында жаратылыстану, қоғамдық гылымдардың барлық саласын зерттеуге жағдай жасалды. Батыстың исламтанушы галымы А.Мец бұл өркениетті “Мұсылмандық ренессанс” деп атады. Шығыстанушы Н.Конрадтың: “Ояну дәуірі әуелі Шығыста пайда болып, кейінрек Батысқа қарай ауысқан”, – деп жазуында да, осы мәселені басты назарға ұстап еди.

Өкінішке орай, адамзат баласының тарихында осындағы ұлы сілкініс алып келген Ислам дінін бір жақты қарастырып, оны тек араб, парсы алемімен ғана байланыстыратын галымдарымыз жоқ емес. Олар өз еңбектерінде көне түркі даласындағы әдеби һәм мәдени жәдігерлердің жойылып кетуіне Ислам кінәлі деген ой айтады. Әрине, жаңа сенім келгенде өзінен алдыңғы діннің қалдықтарын жойып жіберуге тырысатыны ақиқат. Бірақ, мұндағы істі ақиқатқа жетелеуші Ислам емес, кайта осы дінге соқыр сеніммен иланушы топтардың жасайтындығы белгілі. Сондықтан да, мұсылман өркениетін түркі әлемінен боле жарып қарастырудың қажеті шамалы. Осы орайда түркітанушы галым А.Бомбачи: “Некоторые тюркские народы, не исповедовавшие ислам создали свою письменную литературу лишь недавнее время”, – деп жазғанын ерекше атап откен жон. Расында, ҮІІІ-ІХ ғасырларда Орта Азияға кең тарай бастаган Ислам діні барша түркі халықтарының имани сеніміне айналған жоқ. Сібір мен Адтайдагы түркілер бұрынғы атабаба жолында қалып, Орта Азия мейір Мәуранныңдардың бауырларынан рухани сенім тұргысынан ажырат қалды. Өкінішке орай, бүгінде сыртта қалған бұл түркілердің әдебиеті тұрмак, жаһандану кезеңінде үлт ретінде жойылып кетудің сәл-ақ алдында тұр. Ал, мұсылман түркілердің жазба әдебиеті Орхон-Енесей тас жазбаларынан бір-екі ғасыр отiesten, Қарахандықтар билігі тұсында-ақ негізі қаланды. Исламды қабылдаған, соның ішінде, осы дінді берік ұстанған халықтардың ішінен заманынан озық туган ғалым-ғұламалармен катар, озінің қайталанбас шығармаларымен барша жұртты мойындаған ақын-

шайырлар да көптөп шыкты. Соның нәтижесінде, мұсылманшылыққа негізделген түркі даласында Махмұд Қашкаридын “Диуани лұғат түркі”, Жұсіп Баласағұнның “Құтты білігі”, Қожа Ахмет Исауидің “Диуани хикметі”, Сұлеймен Бақырганидың “Ақыр заман кітабы”, Ахмет Йұгнекидің “Ақиқат сыйы”, Сейф Сараидың “Гұлистан биттүркі”, Хорезмидің “Хұсрау-Шырыны”, Бурхануддин Рабғұзидың “Киссал әнбиясы”, Құсам Кәтибтің “Жұмжұмасы”, Дүрбектің “Жұсіп-Зылихасы”, Махмұд бин Ғалидың “Нахжұл фарадисі” секілді шығармалар дүниеге келді. Қазақ хандығы тұсындағы ақын-жыраулар мен XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген ағартушы галымдар мен Шығыс тақырыбына барған шайырларымыздың жырларының бәрі де осы мұсылмандық дүниетаныммен тікелей байланысты. Сол дәүірлерде өмір сүрген ақындардың шығармаларында Құран аяттары мен пайғамбар хадистері жіне қолданылған. Осы түргыдан алғанда Ислам түркілік әдебиеттің дамуына үлкен үлес қоскан деуге болады. Осындай әдеби шығармаларды айтпаганның өзінде, дәстүрлі діннің негізгі қағидаларын ашып көрсететін шаригат кітаптары мен Құран, хадис құпияларынан сыр шертетін, әрі танымдық тұрғыда жазылған еңбектер де жетіп артылады.

Ортағасырда осындай түркілік рухпен рухтанған ислами әдебиет бұл — қазақтың жазба мұрасының басы. XX ғасырдың басында галым Х.Досмұхамедұлы: “Қазак жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондыктан да, жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және гибраттық түрлерінен іздеу қажет”, — деп, жазба әдебиеттің аргы арналары діни шығармаларда жатқанын жазған болатын. Әрі галымның бұл пікірінен, XIX—XX ғасырларда пайда болған діни кисса—дастандардың аргы бастауларының негізі ортағасырда жатқанын аңғаруға болады. Өткен ғасырдың басында өмір сүрген ақындардың қаламынан туган әрбір туынды діни астар алып отырды. Сондыктан да, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы әдебиетті исламнан боле жарып қараша мүмкін емес. Алғаш әдебиеттанытқышты жазған А.Байтұрсынұлының: “Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылыш дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ногай молдалар болған себепті жазба сөзді шығарушылар да бастапқы уакытта солар болған”, — деп, жоғарыдағы Х.Досмұхамедұлының ойын қайталауы көп нәрсeden хабар берсе керек.

Расында, қазақ әдебиетінің тарихында Шығыс әдебиетінен шабыт, діни кітаптардан нәр алған, онда баяндалатын негізгі мәселелерді ана тілінде кайта жыраулаға тырыскан ақындар аз болмаган. Қазақ хандығы

тұсындағы жыраулар мен жыршылардың бәрі де алғашқы сөздерін “бисмилләмен” бастап, содан соң ғана, негізгі тақырыпқа кошкен. Ұлттық әдебиеттімізде “Алтын ғасыр” аталып жүрген XIX ғасырда ғұмыр кешкен Шәді төре Жәңгірұлы, Тұрмаганбет Ізтілеуов, Мәшіһұр Жұсіп Қөпейұлы, Әбубекір Кердері, Жұсіпбек Шайхисламұлы, Ораз молда, Қалжан ахун сияқты діни медреселерде тәлім алған, көкірек көздерін қасиетті Құранмен суарған ақындардың басты тақырыптары — Ислам дінінің адамгершілік, имандылық тұстарын котеру еді. Олар Ҳақ дінді шығармаларында жырау арқылы бұл сенімнің қазақ арасына тарауына айтарлықтай дөрежеде өз септігін тигізді. Ҳәкім Абай да өлеңдерінде діни мәселелерге ерекше мән берген. Өз заманындағы дүмшесі молдаларды көрек кезінде, сынап та отырған. Исламның негізгі қағидаларын түсіндіріп беру үшін, бірнеше гақлиялар да жазды. Бұған айғақ ретінде, ақын еңбектеріндегі 35, 37,38-ші карасөздерін айтуга болады. Сонымен катар, Шәкәрімнің де діни тақырыпқа жіне барып, оны өз шығармаларына басты арқау етіп алғаны да баршага белгілі. Dana Абай отыз сегізінші гақлиясын “Кітәбүн тәсідік” яғни “Иман кітабы” деп алса, Ҳақты іздеуші Шәкәрім қажы да “Мұсылманшылық тұтқасы” деген еңбегін осы тақырыпқа арнады. Алғашқы ұстаздардың бірі — Ыбырай Алтынсарин “Имандылық шарты” деген кітабында Исламның негізгі шарттарын түсіндіруге көп орын берді. Сондай-ақ, М.Кәшимовтың “Иғтиқад”, “Әден”, Насихат қазакия”, “Үгіт”, “Таһарат қалай алу керек”, Б.Баймагамбетовтың “Назымды иғтиқад”, Ж.Жұмабаевтың “Иман магынасы”, Ж.Темірбековтің құрастырган “Иман-иғтиқад”, Н.Манаевтың “Иман-ислам”, Н.Казембаевтың “Құран құралы, арабша алифба”, К.Шаһмарданұлының “Оқу намаз кітабы”, А.Сабаловтың “Бес намаз”, М.Малдыбаевтың “Иман һәм яки мұсылманлық кітабы” сияқты еңбектерінде де негізінен ақида мен шаригат мәселелері көтерілді. Осы аталған ойшыл ақындар мен ағартушылардың бар көздеңегі — халық арасына Ҳақ дінді үгіттеу, олардың көкірегіне иман нұрын себу болған. Бұл сөзімізге айғақ ретінде 1864 жылы ІІ.Алтынсаринның замандасы Н.И.Ильминскіге жазған хатын беруге болады. Онда педагог — ұстаздың: “Кейін парахор болып шықпаулары үшін оларға (окушыларға) адамгершілік жағынан әсер етуге де бар қүшімді салып отырмын. Құлсеніз күле беріңіз, мен кейбір оқытудан бос уакыттарымда оларға ресми түрде молда болып та коямын, сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелер де қосып айтамын”, — деп жазуы біздің ойымызды нақтылай түссе керек.

Мұхаммед пайғамбардың “Дін – насихат” деген қағидасын еске алсақ, онда қазак ақындары бұл өситетті ез деңгейінде орындаған. Бұл пікіріміздің замандар дауиегекелген діниң дастандар мен шығармалар айғақтайды. Алаш ардактысы А.Байтұрысынұлының: “Қазақтың өлеңді сөзді сүйеттің мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Дін шарттарын, шарифат бүйіркістарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айттып, халықтың құлагына сініріп, көңілдеріне қондырыған”, – деп жазғаныңда, қазақ даласында пайда болған діни кисса-дастандарды мен зеген болатын. “Мұхаммед пайғамбар”, “Кисса-и анхазірет Расулдың Мигражға қонақ болғаны”, “Кисса-и Мұхаммед Расул Алланың дәрүл пәнніден дәрүл бакиға риҳлат еткен мәселесі”, “Наза кітап Мұхаммед—Ханафия”, “Кисса-и уақыға Кербала Хазірет Ҳұсайын рази Алла анұ” секілді шығармалардан Хак діннің қазақ даласында қай деңгейде таралғанын аңғаруға болады. Себебі, бұл аталымың дастандар қазактың рухани сұранысын ғана қанағаттандырып қойған жоқ, сонымен бірге сырттан тоғтап келе жатқан діни миссионерлерге тосқын бола білді. Откен ғасырдың бірінші ширегіне дейін Ташкент, Қазан қалаларындағы баспаханаларда жарық көрген қазақ һәм түркі тілдеріндегі кітаптардың басым болігі діні тақырыпты қамтыды. Ш.Елеуkenov, У.Субханбердина, Д.Сейфуллина, Ж.Шалғынбаева сындығалымдардың қазақ кітабының тарихына қатысты зерттеулері соны айғақтайды. Осы аталғандардың ішінен Ш.Елеуkenов пен Ж.Шалғынбаеваның шығарған еңбектерінен ислами әдебиетке қатысты қызықты деректерді кездестіруге болады. Олар қазақ кітабының тарихын үш кезенге (1807-1867, 1867-1900, 1900-1917) бөліп қарастырыған. “Бұл репертуардан аңғаратынымыз – бірінші кезең басылымдарында діни және Шығыс фольклоры тақырыптары басым /115, 81/, “...XIX ғасырдың екінші жартысында басылған кітап өнімінде Шығыс фольклоры мен діни әдебиеті жетекші орын алады. Бұдан қазақ зиялыштарының Шығыс рухани казынасын негұрлым толық игеруге ұмтылғандары байқалады”, – деген мәлімет келтірғен ғалымдар кітап шығарудың үшінші сатысында да, діни әдебиеттердің саны есіп отырганын жазған. Бұл келтірілген деректерден XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін шығып тұрған қазақ кітаптарының басым болігі діни, соның ішінде ислами әдебиеттер екенін аңғарамыз. Әрине, кітаптың соңшалықты үлкен таралыммен шыққанына қарағанда тұтынушының яғни оқырманның да Исламның жөн-жосығын түсіндіріп беретін еңбектер мен діни аңыз-әпсаналардың негізінде жазылған кисса-дастандарға деген сұранысы жоғары деңгейде болғанын аңғарамыз.

Оқінішке орай, бір кездері үлкен тиражben шыққан әрі халықтың рухани сұранысын қанағаттандырыған осындағы төл шығармалар

біраз уақыт бойына ғалымдар назарынан тыс қалды. Оның себебін дін атаулыға өшіккен солақай саясаттың салдарынан іздеген дұрыс. Сол кездегі жағдайға академик Р.Бердібай мынадай анықтама береді: “Кеңістік дәүірде исламды мансұқтау төрөн ойластырылған саясат екеніне жүртшылық әлі де толық көз жеткізіп алды дей алмаймыз. Халықты діннен айыру барша мұсылман жамағатшылығына жасалған зор киянат десе де болады. Қоғамда азу-тозу, имансыздық бел алуы да тікелей осында “дінсіздікі” марапаттаушылықка байланысты. Мұның түпкі максаты дүние жүзінің, өркениетіне исламның тиғізген әсерін мансұқтау ниеті еді. Дінге катысты жүздеген, мындаған еңбектер ескерусіз қалды, оларды надандық, артта қалғандық күәліктері деп бірінгай каралау орын алды”.

XIX-XX ғасырларда ете көп таралыммен шыққан діни кисса-дастандар кездейсоқ дүниеге келген жок. Ақындардың қаламынан туындаған бұл сюжеттер мен образдардың аргы бастаулаты орта ғасырда түркі тілінде негізі қаланған ислами шығармаларда жатыр. Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йұғнеки, Ахмет Иасауи, Махмұд бин Фали т.б. шығармаларында Мұхаммед (с.ғ.с.) өмірі дәріттелетін болса, оның көкке шыққаны туралы Сұлеймен Бақырган “Мигражнама” атты дастан жазған. Рабғұзидың “Қиссасул әнбиясында” баяндалатын пайғамбарлар (Адам, Мұса, Иса, Жүсіп, Салих, Үсекқ т.б., жалпы саны жиырма бес) тұлғасы XX ғасырдың басында өмір сүрген Тұрмагамбет, Шәді тере, Қалжан ахун, Ораз молла, Майлықожа секілді біраз ақынга азық болды.

Әрине, “кітаби ақындар” орта ғасырлық ислами әдебиет-тердің мазмұны мен тақырыбын сол қалында қабылдағанымен де, олардың жанрлық ерекшеліктері мен өлең құрылыштарына айтарлықтай дәрежеде өзгерістер енгізіп, заманына лайықты жетілдіріп отырды. Каражандықтар билігі түсінде пайда болған әдеби жәдігерлерде пайғамбар өмірі қысқа әрі Шығыс мұсылман әдебиетіне тән ғазал, мәснәуи, тәржіг бәнд сынды өлең құрылыштарымен жазылған болса, бертін келе ол – колемді кисса-дастандарға ұласты. Қара сөзбен жазылған діни образдар мен сюжеттер заман ынғайына қарай өлең-жолдармен қайта туды.

Қазақ даласында Ислам мәдениетін, имандылық негіздері мен адамгерлішік құндылықтарды таратуда үлкен үлес қосқан ғалым-ойшылдарымыздың бірі – Қалжан ахун екені ешбір талас тудырмайды. Қоқірек көзін Алланың аяттарымен суарған ақын бертін келе имандылықтың шыңына жетіп, ахундық дәрежесіне көтерілді. Оның жазған ғылыми-тәнімдық еңбектері мен имани жүректен атылып

шыққан олеңдері өз ортасын иман нұрымен сұарды. Сол заманың ең алдыңғы діни медреселерінен тәлім-тәрбие алған Қалжан ахун араб, парсы, шағтай тілдерін (түркі жазба тілін) жетік мемгеріп, ауам (кара) халықтың тісі бата бермейтін сирек кітаптар мен құнды қолжазбаларға еркін бойлайтын. Қасиетті Құраниң ішіндегі киелі дұғалар мен сауабы көп зікірлерді екшеп алып, қоңіліне тоқыған. Сондай-ақ XX ғасырдың басына дейін түркі мұсылман жұртының жазба тілі болған – шағатай тілінде де өлең шығарып, өзінің кейінгі үрпакқа деген аманатын жеткізген. Оның қаламынан туған жыр жолдарында имандылық негіздері, шаригат шарттары менін маҳаббаттың сырлы әлемі кеңінен жырланған. Құнделікті жасалатын құлышылықтардан бастап, қоқірек кезін суаратын имани жауһарларға дейінгі иғі амалдар Қалжан ахунның шығармашалығынан табылатын. Өз заманындағы белді ақын-шайырларымен араласып, жыр додасында бәйге жарыстырып, кейде сырласып, бірде мұндастып, енді бірде соз жарысына түсіп отырган ол Шығыс мұсылман әдебиетінде ең бір киын деп саналатын құрделі жаңарлармен де қалам тербеген. Оның Тұрмамбетке жазған бір хатында «Әләс-сәдәр» үлгісімен қалам тербегені оның қашалықты әдебиет айдыннанда қалықтағанын білдіре керек.

Рамазан айы – құллі мұсылман жамагатының қасиетті айы. Бұл айда өзін мұсылманым деп есептейтін жандардың құндіз оразада, түнде намазда болып, бар уақытын құлышылыққа арнайтын кезі. Қазактың бұл айды құрметтейтін соншалықты жаңа туған аймен құттықтайдын болған. Ораза кезінде айттылатын «Жарапазан» жыры соның жарқын айғағы. Бұл сөздің түп-төркініне үңіліп көретін болсақ, арабтың «Йа, шаһру рамазан» тіркесінің казак тіліне иекмелген түрі екенин ангарамыз. «Йа, шаһру рамазан» ды бірнеше рет қайталай беру арқылы «жарапазан» болып шыққанын бүгінгі қозіқарақты оқырман жақсы біледі. Түркі жазба әдебиетінде рамазан айының қадір-қасиеті, ондағы құлышылықтың абзалдығы туралы қоғтеген жыр-жолдары бар. Бұл тақырыпқа жазылған шығармалардың қоғтігі соншалық, шығыс мұсылман әдебиетінің теориялық енбектерінде «Рамазания» деген жаңр бар. Кейінгі кездері башқұрт һәм татар әдебиеттерінде де оразага қатысты жазылған шығармаларды жеке жаңр ретінде қарастыру бой корсетіп келеді. Бұл мәселені терецирек айттымызға себеп Қалжан ахунның бір өлеңі осы «Рамазания» үлгісімен жазылғандығында.

Лутф бірлән бізләрә дуслар Худауәнд жәһан,  
Файбдің еткүрміш ерді бир му'әззиз меһман,  
Фәйз Ҳақның лазым ерді хизметтің қылмақ бижан,  
Биәдәблік көрді біздін 'иззәт орынга чунан,

Бәндәсі 'әси уә лекін Ҳақ өзідір меһрибан,  
«Әл-үидә», хош келдіңіз маһ шәриф рәмәзан.  
Ҳақ «әтәму» деб сенің «әтмәміңә» әмр әйләді,  
Сайидул-әшхур-рәмәзан расулым деб айды,  
Хурмәтіні сакламай бір нечөләр ачды деді,  
'Аси, ғафилмұз әндін Ҳақ бізә не суз деді?  
Разылық ілән барың, ей, жумлә айлар сайді,  
«Әл-үидә», хош келдіңіз маһ шәриф рәмәзан.

Қалжан ахун осы өлеңінде Рамазан айының қасиеті, онда құлышылық қылғаның ерекшелігі туралы айта келіп, қазак жұртын бұл айда сауаптан күр қалмауга шақырады. Барша айлардың сұлтаны болған Рамазанда әрбір қылған иғі істің бірнеше есе сауапқа ие болатындығын да баса айтады. Шығыс мұсылман әдебиетін жетік білген Қалжан ахун бұл шығармасын түркі жазба тілімен жазған. Араб, парсы тілдерін жетік білгендіктен де өз өлеңін араб, парсы сөздерімен «әшекейлеген». Шығарма шағатай тілінде жазылғандықтан да, бұл өлеңнің оқырмандары тек қазакпен гана шектеліп қалмаган. XX ғасырдың басына дейінгі түркі жазба тілінде дүниеге келген бұл «мұсаммат» жырын барша түркі мұсылман баласы еркін түсінген. Эрі шығарманың кирилл әліппесінде емес, араб алфавитінде жазылғандығын ескерсек, тіптен Кіші Азиядағы түркі бауырлардың да бұл түндиңи ешбір қиналмастан бойға сіңіргенін ангару киын емес. Себебі Ислам өркениеті, мұсылман мәдениеті деген ортақ ұғымның аясына топтасқан түркі жұртында бір дүниетаным болғандығы ешбір дау туғызбайды. Осы тұрғыдан алғанда Қалжан ахун олеңдері Шәді Жәңғірулының жыр жолдарында Мәуреннар аймагына кең тараган деуге толық негіз бар. Шығарма ішінде жиे кездесетін араб, парсы сөздерін есепке аламаганда басқа сөздер қазак баласына да түсінікті. Енді бұл шығарманы бүгінгі қазак тіліне жақыннатып берсек былай болып шығады.

Мейіріммен біздерге, достар, Хұдауанд-е жаһан!<sup>1</sup>,  
Ғайыптан жеткізіп еді бір мұәззіз меһман<sup>2</sup>,  
Берекелі Ҳақтың қажет еді қызметтің қылмақ, ей, жан,  
Биәдептік көрді бізден құрмет орнына чунан<sup>3</sup>,  
Пендесі құнаһар, бірақ Ҳақ өзі-той мейірбан,  
«Әл-үидағ»<sup>4</sup> кош келдіңіз «маһ шәриф Рамазан»<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> Әлемнің Құдайы  
<sup>2</sup> құрметті мейман  
<sup>3</sup> солай  
<sup>4</sup> «Қош келдін»  
<sup>5</sup> «Қасиетті Рамазан айы»

Хақ «Әтәмүү» деп сенің «әтмәмің» бүйірды  
«Сәййидул-шәһрул-рамазан»<sup>6</sup> расулып деп айды,  
Құрметінді сақтамай бір нешеулер ашты деді,  
Күнәшар, ғапылмыз одан Хақ бізге не сөз деді?  
Ризалыкпен барыңыз, ей, барша айлар сейіді<sup>7</sup>,  
«Әл-үйдаг»<sup>8</sup>, қош келдіңіз, «маһ шәриф рамазан»<sup>9</sup>.

Жоғарыда көлтірілген шагатайша нұсқа мен біздің бүгінгі қазақ тіліне жақындастып берген нұсқада ешбір айырмашылық жоқ. Біз мұны аударма емес, бүгінгі тілге жақындастып беру деп айтып отырғанымызда да үлкен мән бар. Себебі Иасаудің, Бақырғанидың, Сәйф Сараидың, Шәді ақынның, Қалжан ахунның өлеңдерін казакшага тәржімалау десек асыл мұраларды барыңша арыға итерген боламыз. Аударма басқа бір тілден яғни өзге тілден жасалады. Ал кешегі XX гасырдың басына дейін казак даласында кеңінен қолданылған түркі жазба тілінен тәржіма жасалмайды, кайта бүгінгі қолданыстағы қазак тіліне жақындастылып беріледі. Онсыз да орта гасырлық жазба мұраларымыздың Қараңдықтар бөлігін өзбектер мен үйгірлар. Алтын Орда түсын башқұрттар мен татарлар иемденіп алды деген сөз бар. Оған себеп кешегі кеңес кезінде әдебиет тарихын ерте заманнан бастаудың орына XIX-XX гасырдан бастап, өзіміздің бірнеше гасырлық төл мұрамыздан бас тартқанымыз бар. Міне сол кезде бізден «пысық» бауырларымыз Иасауді, Сараиды, Харазмиді бір үлттың еншісіне ғана теліп, өздерінің төл ақындары ретінде қарастырғаны белгілі. Екіншіден, XX гасырдың басындағы үлтшылдарымыздың Сыр бойы мен Оңтүстік аймақта өмір сүрген ақын-шайырларымыздың мұраларынің тілін сынап, барыңша алашқаттуға тырысқанымыз бар. Алайда түсіне білген жаңға ғылымда «шагатай тілі» деген атпен қалыптаскан түркі жазба тілі барша түркі мұсылман жұртының жазба тілі екені бүгінде ғана айтылып жүр. Міне, осы барша түркі мұсылман жұртына ортақ жазба тілде қалам тербegen Қалжан ахунның мұрасы тек қазак халқымен ғана шектелмestен, оқырмандары өзге түркі ұландарының арасынан табылатындығы ешбір дау тудырмайды.

Енді, осы шығарманың олен құрылышына келетін болсак, шығарманың жазылу формасы орта гасырда Шығыс мұсылман әдебиетінде кеңінен қолданылған форма. Мұны Шығыс мұсылман әдебиеттанытқышында «тәржиг бәнд» деп атайды. «Тәржиг бәнд» - «қайта оралушы байлам», яғни қайталанып келіп отыратын жол деген

6 «Айлардың торесі Рамазан».

7 торесі

8 «Қош келді».

9 «Қасиетті Рамазан айы».

магына береді Бұл тәржиг бәндтің бірнеше түрлері болады. Онда қосалқы аттай арага бірнеше жол салып қайталанып келіп отыруына қарай «мураббағ», «мухамма» және «мусаддас» деп аталағы. Егер қайталанатын жол әр төртінші жолдан кейіннен келсе, оны «мураббағ» яғни «төрттік», бесінші жол сайын келіп отыrsa, оны «мухамма» яғни «бестік» деп атаган. Ал, алғашқы бес жолы бір үйқаспен жазылып, алтыншы жолы басқа үйқаспен жазылып, кейіннен әрбір алтыншы жол сайын қайталанып отыратындар «мусаддас» деп аталағы. Яғни, Қалжан ахунның үлкен шығармасы тәржиг бәндтің мусаддас үлгісімен жазылған. Бұл оленге толық ғылыми тұргыдан анықтама беретін болсақ, тәржиг бәндтің мусаддас қалыбында, «рамазания» жанрында жазылған.

Не гажап болғай еді тұн-күн гибадат қылсаң,  
Тұндері тынбай «Қәләмұллаһ»<sup>10</sup> тіләуат қылсан,  
Хазірет Нұғман Құфадай рийазат<sup>11</sup> қылсаң,  
Қолда барын Атымтайдай сахауат<sup>12</sup> қылсан,  
Болар еді сенен үміт шапагат қылсан,  
«Әл-үйдаг»<sup>13</sup> хош келдіңіз «маһ шәриф Рамазан»<sup>14</sup>.

Ақын осы олеңі арқылы қасиетті айды құр босқа откізбестен барыңша сауапты істерді откізуғе шақырады. Ол үшін тұні бойы үйіктамастан Қәләмұлланы яғни Алланың Құраның оқып, Хазірет Әбу Ханифадай діндар болуды, сондай-ақ Атымтайдай жомарт болуга шақырады. Сонда ғана пайғамбардың шапагатына ие болатындығын баса айтады.

Сондай-ақ, Қалжан ахуннан қалған тагы бір шығармасы – «Қалжан Ахунның жәдігер газал мұхаммасы» деп аталағы. Шығыс мұсылман әдебиетінде кеңінен қолданылған газал жаңрымен түркі ақындары да жиі қолданылған. Себебі газал жаңры ахунның ішкі жан дүниесін толық ашып бере алатындығымен ерекшеленеді. Газалдың негізгі көтеретін тақырыбы — сүйіктің көркін, түрін суреттей, оның ішкі сезімдерін баяндау немесе шайырдың өзінің алдамашы құндерінен шағымдану болып табылады. Осы форманың структурасын азербайжан ғалымы А.Рустамова екі жолмен берген:

1. Гашық откен күндерін есіне алады, ауыр күндерін айтады, жоқшылыктың тауқыметінен шағымданады, келешектен үміттенеді, кейде сүйіктің туралы сыр шертеді, сюжеті әр түрлі тақырыпты қозгайды.

10 «Алланың созі», яғни Құран

11 діндарлық

12 жомарттық

13 «Қош келді».

14 «Қасиетті Рамазан айы».

2. Ғазал—диалог—сұрап-жаяп түрінде беріліп, мұнда негізінен, маҳаббат пен сүйкітінің арасындағы лирик хикаят ғашық пен мағшұқ әлемі арқылы беріледі.

Шығыстанушы ғалымдардың басым болігі ғазалды қасиданың ішінен отау тіккен әрі Ислам өркениетінің негізінде дүниеге келген жаңр ретінде қарастырады. Біз де ғалымдардың осы пікірін қолдаймыз. Ғазал өлеңі қасиданың ишкія деген тармағының жетілген түрі. Себебі, Исламнан алдыңғы дауірде араб шайырларының ішінде бұл өлең күрылышымен қалам тербегендер болмаган. Орта ғасырлық Шығыс әдебиетін зерттеген И.М.Фильшинский ғазал үлгісімен ең алғаш қалам тербеген ақын ретінде Омар ибн Әбу Рабиганы көлтіреді. Ал, ол шайырдың 655-712 жылдар аралығында әмір сүргені белгілі. Бұл кезең Ислам дінінің шыгуымен тұспа-тұс келеді. Парсы жұртында ғазалды жеке жаңр ретінде қалыптастырган — сопы ақын Хафіз болатын. Түркі даласында ғазалмен алғаш қалам тербегендер – Қожа Ахмет Иасауи мен Сұлеймен Бақыргани.

Уа, дарига, өтті әмірім баршасы ойран болып,  
Білмедім халім не болар дүниеден қайран болып,  
Қылмадым жақсы амалдар түні бойы геріан<sup>15</sup> болып,  
Жасадым сауық-сайран шайтанға тұтқын болып,  
Йә, иләни, өтпейміз акіретте имансыз болып.

Йә, иләни, тура қыл маган һидайәт бабын<sup>16</sup>,  
Сен мейіріммен кетіргін көздегі үйқы гапілетін,  
Қашанда жидым әлемде күнәлар аспабын,  
Қыл мейірім халіме мендей бейшараның,

Ақіретте қуанышқа бөлесіндидарына лайық болып, - деп, жырлаган Қалжан ахун өзінің ішкі сезімін осы ғазалдың мухаммас (бестік) өлең күрылышымен берген. Ақын осы өлең жәдігері арқылы өзінің Ҳактың алдындағы әлсіздігін баяндай отырып, Жаратушыдан дұға сұрайды. Осы сарындағы өлең жолдары ақын мұрасында жиі кездеседі. Бұл да ақынның Шығыс мұсылман әдебиетін, соның ішінде түркі жазба әдебиетін жетік білгендігінен хабар береді. Себебі ақынның қолданған формалары мен көтерген тақырыптары Қараңдықтар тұсында әмір сүрген Иасауи, Бақыргани, Жүйнеки, бертінгі Алтын Орда тұсындағы Харазми, Сәйф Сараи, кейінректегі Машраб, Мақтумқылды шығармаларымен астарласып жатқанын анғирамыз. Себебі көкірек көзін имани нұрмен нұрландырып, қасиетті Құран аяттарымен сузындаған, сопылықтың сырлы сыр шертетеп Шығыс мұсылман әдебиетін түпнұсқада оқыған

15 жылау, зар еніреу

16 дұрыс жолдан есігін

ақынның кеңінен тараган дәстүрді қазақ даласында қайта жыңғыртпауы мүмкін емес еді. Айнала тоңірегінде әдебиет айдынында жүрген Сыр бойы шайырлары да осы дәстүрмен жиі қалам тербеген. Бұкара медресесін бітірген болашақ ишандар мен ахундар да қалам тербегенде түркі жазба тілімен беріп отырды. Солардың алғашқы шебінде Қалжан ахунның тұруы заңдылық болатын. Себебі заман талабы, оқырман сұранысы сол еді. Түркі жазба тілінде қалам тербел, шығыс мұсылман әдебиетінің үлгісінде қалам тербеген Қалжан ахун мұрасының гұмыры да үзак болмак.

## МАЗМУНЫ

Баймаханов К. Әбілтай Ф.М.	«Ғалымның хаты өлмейді»..... Алғы сөз.....	5 6
Жанаев А.	<b>I болім. Ғылыми мақалалар</b> Білімнен шырақ жаққандар. Сыр бойы қазактарының көкірек көзін ашып, имандылыққа ұйытқан алғашқы ағартушыларымыздың бірі, ғұлама ғалым Қалжан ахун және оның ұрпақтары жайлы хикаяттар..... Рухани кемелдікке жетудің жолы сан тарау.....	14 30
Кәрібозұлы Б.		
Тебегенов Т.С.	Ислам ағартушылығы білім беру жүйесінің гуманистік-өркениеттік сипаты және Қалжан ахун Бөлекбайұлы ұлағаты..... Қалжан ахун дүниетанымының негіздері.....	42 65
Кенжетаев Д.Т.		
Нурдаuletова Б.И. Жандарбек З.З.	Рухани ілімнің көүсар бұлағы..... XVII-XIX ғғ. қазақ даласындағы діни-рухани ахуал және ондағы Сыр бойы ахундарының ролі..... Ислами әдебиет негіздері және Қалжан ахун шығармашылығы..... Дін – имандылық пен адамшершілік тәрбиенің негізі..... Қазақстанда Ислам дінінің орныгуы: қазақ ишандарының ислам құндылықтарын қалыптастырудығы кызметі және Қалжан Ахун.....	74 88 95 108 114
Кыдыр Т.Е.		
Нұғманова Х.Е.		
Омарова Г.С.		
Омаров Т.С.	Қазақ даласына ислам дінінің келуі және діни білім беру орындары..... Қазақ қоғамы және рухани даму мәселелері..... «Ақыл – мизан, өлшеу қыл» немесе исламдағы нұрлы ақыл жайлы бірер сөз.....	127 135 147
Омаров Қ.Ә.		
Исаева Ж.А.		

Жолдасұлы Т.

Ахметбек Б.М.  
Мырзамуратова Н.А.  
Бекмамбет Б.Т.  
Сайлау А.

Сыр сүлейлері шығармашылы-  
ғындағы сопылық сарындар.....

Қалжан ахун және сопылық ілім.....  
Асыл кітаптар қазынасы.....  
Музейдегі Ислам құндылықтары.....

152

167

177

181

## II болім.

Қалжан ахуиниң пайдалаған  
қолжазбалары, кітаптары, хат-  
тары және олардың араб, шарсы,  
шағатай тілдерінен жасалған  
транскрипциялары мен қазақша  
аудармалары.....

185

## III болім.

Қалжан ахун ұрпақтарының ес-  
теліктері мein ахун туралы кор-  
кем шығармалардан үзінділер.....

319

Редакция алқасынан.....

401

Баймаға  
Әбілтай

Жазаев

**Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана**

Қалжан ахун Болекбайұлының  
150 жылдық мерейтойына арналған  
облыстық ғылыми-танымдық конференция  
**материалдары**

Кәрібо:

Тебегеі

*Ғылыми басылым*

Кенже

Жауапты редакторы: Мәлдір Өксікбаева  
Компьютерде терген: Жанар Жұнісова  
Техникалық редакторы: Төлеухан Қасымжанов  
Компьютерде беттеп, бөзендірген: Динара Ахметжанова

Қыды

Басуга 12.09.2012ж. қол койылды. Пішім 84x108  $\frac{1}{24}$ .  
Қазақ оғсеттік. Қаріп түрі "Times New Roman".  
Басылым оғсеттік. Шартты баспа табагы 22.  
Таралымы 1000 дана.

Нұғм:

Тапсырыс № 965.

Омар



Омар

ЖШС «Інқу-Маржан» полиграфия фирмасының  
баспахансында басылған.  
Мекен-жайымыз: Алматы қ. Райымбек д-лы. 312  
тел.: 8 (727) 247-96-14

Исаев